

Мемлекеттік қызмет мәселелері жөніндегі Қоғамдық кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы

2025 жылғы 17 қазан

Төрағалық етті: Б.Ш. Ағыбаева

Қатысқандар:

Қоғамдық кеңес мүшелері: Ахмедьяр Ә.Ғ., Жолманов А.С.,
Жақыпов М.Х., Бекинов Н.Б., Закиев Ә.Б., Құрманова Б.Б., Қожатаева А.А.,
Мустафин Е.С., Садық М.К., Райсова Г.Б.

Күн тәртібі

Орталық мемлекеттік органдар мен жергілікті атқарушы органдардың
әдеп жөніндегі уәкілдері мен оның функциясы жүктелген тұлғалардың
2024 жылғы және 2025 жылдың I-жартыжылдығындағы қызметін
талдау нәтижелері туралы

(Б.Ағыбаева, А.Каженбаев, Ә.Ахмедьяр, М.Жақыпов, М.Садық, Ә.Закиев)


1. Баяндама назарға алынсын.
2. Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне отырыста айтылған пікірлер негізінде ұсынылсын:
 - Мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың және Әдеп кодексінің сақталуын мониторингтеу мен бақылауды және этикалық құқықбұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстарды күшейтуді;
 - мемлекеттік органдардың жанынан қызметтік тәртіп пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарды бұзуға ықпал ететін факторларды анықтаумен және талдаумен қамтамасыз ететін, құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша жұмыстар жүргізетін қызмет (құрылым) құру мәселесін пысықтауды;
 - мемлекеттік органдардағы әдеп жөніндегі уәкілдердің мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға консультациялық көмек көрсету, олардың өтініштері мен шағымдарын қарау арқылы құқықтарын қорғау және мемлекеттік органдарда жүргізілетін этикалық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған түсіндіру шаралары туралы есептерінің нақты және дұрыс әзірленуін бақылауға алуды;
 - мемлекеттік қызметтің ашықтығын және мемлекеттік қызметшілердің әдептілігін, жоғары адамгершілік қасиеттері мен мәдениетін қалыптастыруға бағытталған жүйелі имидждік жұмыстарды іске асыруды.

Қоғамдық кеңес
төрағасы



Б. Ағыбаева

Қоғамдық кеңес
хатшысы



М. Иманбаев